

Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрлігі
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қамматов Қ.Қ.

**Адам және жануарлар физиологиясы
оқу құралы**

Кітап 1

Нерв, бүлшықет және талдағыштар жүйесі

Атырау - 2013

6(2+59).1(025.8)

538

УДК; 612. (0,75.8)

ББК 28.673+28.707.3Я73

Қ.31

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау.

мемлекеттік университеті оқу- әдістемелік

көңесінің 25 ақпан 2013, хаттама №3

шешімі ұсынған.

Пікір жазғандар:

Биология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Қыздар педагогикалық университеті
Ә.Сейітқожиев;

Биология ғылымдарының докторы,
профессор С.З.Сағындықова;

Медицина ғылымдарының докторы,
профессор Б.Ғ.Тыныбаев;

Қамматов Қ.Қ.


Қ31 Адам және жануарлар физиологиясы оқу құралы. – Атырау:
Атырау мемлекеттік университеті, 2013.-148бет.

ISBN 978.601-262-112-9

Оқу құралының бірінші кітабында

Қозу және қозғыштық, нерв жүйесінің жалпы физиологиясы,
талдағыштардың физиологиясы, жоғары дәрежелі нерв қызметінің
физиологиясы, орталық нерв жүйесінің физиологиясы жайлы сез болды.

Оқу құралы университеттің жаратылыстану факультеті студенттеріне,
мектеп мұғалімдеріне арналған.



УДК; 612. (0,75.8)

ISBN 978.601-262-112-9

ББК 28.673+28.707.3Я73

АЛҒЫ СӨЗ

Физиология – жалпы биология ғылымының аса маңызды салаларының бірі. Физиология организмде жүретін тіршілік процестерінің зандаулығы, ондағы организмдер мен жүйелердің атқаратын қызметі, сыртқы ортамен қарым – қатынасы жайындағы ғылым.

Организмнің, оның клеткаларының, тканьдері мен мүшелерінің тіршілік әрекеті процестерін зерттеу физиология ғылымының міндеті.

Тірі организмдегі функциональдық өзгерістер және олардың реттелу механизмдері физиологияда, анатомия, биохимия, биофизика, биомеханика, химия, физика сияқты пәндердің мәліметтерімен тығыз байланысты қарастырылады.

Соңғы жылдары физиология үшін ете маңызды түрлі механизмдердегі басқару мен байланыстардың жалпы принциптері туралы ғылым-кибернетика зор маңызға ие болып отыр. Математикалық модельдеу организмдегі әр түрлі процестер арасында болатын кейбір ішкі байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді және олардың арасында болатын түрлі қызметтер мен өзара әсерлерді реттеудің жалпы принциптерін ашуға көмектеседі.

Организмнің қызметтерін қамтамасыз ететін физиологиялық механизмдерді тану жалпы дүниетанымның қалыптасуымен барынша тығыз байланысты. Организмнің функциональдық қасиеттері жөнінде жалпы түрде дұрыс түсінік алу физиологиялық мәліметтерді жалпы теориялық және эволюциялық дамудың методологиялық негіздері тұрғысынан түсіндіру арқылы ғана мүмкін бола алады. Физиологиялық зерттеулердің нәтижелері тіршіліктің ең қарапайым формаларынан курделірек формаларына ауысадың және организм қызметтерінің бірте-бірте дамуының себептерін түсіндіреді. Осылайша физиология жануарлар организміндегі ғылыми түсініктердің қалыптасуына көмектесе отырып, дамудың нәтижесінде тірі организмдердің басқа өкілдерінің ішінде тіпті ерекше жағдайда ие болған дамудың сол бір процесін барынша дәлірек түсінуге жағдай жасайды.

Оқу құралында физиологияның мынадай негізгі тараулары қамтылған. «Нерв жүйесінің жалпы физиологиясы», «Орталық нерв жүйесінің физиологиясы», «Жоғары дәрежелі нерв қызметінің физиологиясы», «Вегетативтік мүшелердің физиологиясы», «Зат және энергияның алмасуы», «Ішкі секреция бездерінің физиологиясы», «Тамақтанудың физиологиялық негіздері» т.б.

Оқу құралы биология және биология-химия мамандықтары үшін арналған бағдарламаға сәйкес, автордың қырық бес жыл бойына бұрынғы Гурьев мемлекеттік педагогика институты, қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттеріне оқылған лекцияларының негізінде жазылды.

I. АДАМ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

1. ФИЗИОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Физиология (грекше *płysis*- табиғат, *Iodos-iłim*)- тірі организм мен оның жеке жүйелері, клетка, тканьдер әрекеттерін, қызметтерін зерттейтін биологиялық ғылым. Физиология организм жүйелері мен органдарының бір-біріне тигізетін әсерін, өзара байланысын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын зерттейді.

Сонымен қатар ол организмнің қызметтерін жас кезеңдеріне байланысты онтогенез және эволюциялық даму жағынан да қарастырады.

Tірі организмдегі функциональдық өзгерістер физиологияда анатомия, биохимия, биофизика биомеханика, спорттық медицина, гигиена пәндерінің мәліметтері мен тығыз байланысты. Физиологиялық зерттеулердің нәтижелері тіршіліктің ең қарапайым формалаларынан курделілерек формаларына аудысдың және организм қызметтерінің бірте-бірте дамуының себептерін түсіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда физиология жануарлар дүниесінің эволюциялық дамуы жөніндегі ғылыми түсініктердің қалыптасуына көмектесе отырып, дамудың нәтижесінде тірі организмдердің басқа әкілдерінің ішінде белгілі бір ерекше жағдайға да ие болған дамудың сол бір процесін барынша дәллірек түсінуге жағдай жасайды.

Қалыпты физиология деңсаулық көрсеткіштерін ғылыми негізге қарап, организмнің алдағы әрекеттік белсенелілігін болжауға, адамның мақсатты іс-әрекеттің оның тұрмыс және еңбек жағдайларында жүйелі амалдар арқылы бақылауға мүмкіндік береді.

Физиологияның маңызы Физиология организмдегі жүретін тіршілік құбылыстарын және оның зандылықтарын адамның қалаған мақсатына қарай өзгертіп менгеруіне жол ашты. Бұның өзі медицина ғылымындағы шешілмей келе жатқан кейір күрделі проблемаларды шешуге мүмкіндік берді. Көптеген

витаминдер түрлерінің анықталуы, ішкі секреция бездерінің қызмет заңдылықтарының ашылуы, ертеден бері емдең жазуға болмайды деп келген ауруларды емдең жазуға жол ашты.

Физология ғылымының жетістіктері қоғамдық орындарда, тұрмыс жағдайында тазалық сақтауға, тамақтанудың сапалылығын жақсартуға, адамдардың денсаулығын түзеуге, еңбек, демалып, тынығу, режимдерін ғылыми түрде дұрыс үйымдастыруға көмегін тигізді. Сол сияқты физиология ауылшаруашылық малдарынан алынатын мал өнімдерінің сапасын жақсартуға, оның көбеюіне және жаңа сапалы мал тұқымдарын шығаруға әсерін тигізді.

Педагогика ғылымы физиологияға соқпай кете алмайды, себебі оқушылардың оқу тәрбие жұмыстары олардың физиологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты үйымдастырылады.

Физиологиялық ілім оқушылардың жалпы күн режимін, оларға қойылатын гигиеналық тазалығын, ден саулығын жақсартуға, ой еңбегі қабілетін күшетуге, шаршауды болдырмауға бағытталған жұмыстарды үйымдастыруға бірден бір жағдай жасайды.

Педагогика мен психология пәндерін оқытуда нерв жүйесі физиологиясының маңызы ерекше, оның ішінде И.П.Павловтың жоғарғы дәрежелі нерв қызметі жөніндегі ілімі. Оқытудың дидактикалық принциптерін сабактың көрнектілігін, беріктілігін, жүйелілігін т.б. ғылыми физиологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасуына ықпал жасайды.

Оқу процесінде педагогика, психология, жастық физиология және мектеп гигиенасы сияқты пәндердің көптеген заңдылықтарын оқытып түсіндіру, физиологиясыз қынға түседі. Сондықтан бүкіл педагогикалық білім беру жүйесінде физиология педагогиканың ең маңызды саласы болып қала бермек.

2. Физиологияның мәні, мақсаты, міндепті және маңызы

Физиология жеке пән ретінде бірнеше бір-бірімен байланысты бөлімдерге бөлінеді. Оның ішінде езінің ғылыми бағытына қарай жалпы, салыстырмалы, арнайы немесе жеке болып жіктеледі.

Жалпы физиология организмнің клеткалары мен тканьдеріндегі бәріне бірдей тән негізгі тіршілік процестерінің табиғатын атқаратын қызметтерінің жалпы көрсеткіштерін, қасиеттерін зерттейді. Олардың сыртқы және ішкі ортаның әртурлі әсерлеріне жалпы қайтаратын жауабын, тітіркену, қозу және тежелу құбылыстары туралы мәліметтерді қарастырады.

Салыстырмалы физиология жеке дамудың әрбір кезеңіндегі бір түрге жататын әртурлі организм қызметтерінің өздеріне тән ерекшеліктерін зерттейді.

Арнайы физиология организмнің кейбір тканьдерінің (ет, жүйке, без т.б.) немесе жеке мүшелеріндегі (қан айналу, тыныс алу, ас қорыту) жүретін класс, топ, түрге жататын жануарлардан (ауыл шаруашылық маддарда, құс, сиыр, қой, шошқа) процестердің заңдылығын зерттейді.

Эволюциялық физиология организм қызметтерінің жеке және түрлік дамуының заңдылықтарын қарастырады; Экологиялық физиология сыртқы қоршаған ортаның өзгерген табиғат жағдайларына бейімделуін зерттейді;

Физиология алдына қойған мақсатына қарай, зерттейтін объектісі мен әдістеріне қарай, бірқалыпты және потологиялық физиология болып бөлінеді;

Бірқалыпты физиология. Дені сау организмнің қалыпты жағдайындағы физиологиялық процестерді әртурлі әсерлерге бейімделу әрекетін зерттейді;

Потологиялық физиология ауруға шалдыққан организмдегі процестерді, бейімделу әрекеттерін зерттейді;

Жастық физиология. Жас организмнің анатомиялық, физиологиялық жастық ерекшеліктерін қарастырады.

Спорт физиологиясы. Спортпен айналысқан организмдегі процестерді, ол процестердің ерешеліктерін зерттейді;

Соңғы кездегі дамып келе жатқан физиологиялардың түрлері –еңбек физиологиясы және космостық физиология; Еңбек физиологиясы дene енбегімен айналысқан кездегі және әртүрлі сыртқы экстремальдық жағдайдағы организмдегі процестің заңдылығын зерттейді.

Космостық физиология. Космос жағдайындағы организмдегі физиологиялық заңдылықтарды, олардың ерекшеліктерін, бейімделуін зерттейді;

3. Физиологиялық зерттеу әдістері. Физиология эксперименталдық зерттеуге негізделген ғылым, яғни тәжірибеге негізделген ғылым. Организмнің сыртқы түріне қарап оған белгілі бір анатомиялық түсінік беруге болады, ал оған қандай ма болмасын бір физиологиялық заңдылықты айта алмаймыз. Ондай заңдылықты анықтап білу үшін ол организмге тәжірибе жүргізілуі керек;

Физиологиялық тәжірибелің түрлері көп және ол зерттеудің мақсатына байланысты. Организмнің белгілі бір мүшесінің қызметі мен маңызын түсіндіру үшін зерттеудің экстирпациялық әдісі қолданылады яғни организмнің бір мүшесін толықтай немесе оның бір белігін алып тастау, физиологияда қолданылатын келесі әдістердің бірі, зерттеудің трансплантациялық әдісі организмнің бір мүшесін екінші бір жаңа орынға көшіріп апарып орналастыру арқылы зерттеу; Организмнің белгілі бір органын нерв жүйесінің тигізетін әсерін яғни нервтік реттелу заңдылығын анықтау үшін зерттеудің денервациялық әдісі қолданылады яғни реттейтін нервті кесу арқылы зерттеу.

Органдардың қантамырлар жүйесімен екі арадағы байланысты білу үшін зерттеудің лигатуралық әдісі қолданылады яғни әртүрлі қан тамырларын жіппен байлау арқылы зерттеу.

Әртүрлі қан тамырларының орталық белігін олардың шеткі беліктерімен жалғастырып зерттеу әдісі деп аталады; Организмнің кейбір органдары қызметінің физиологиялық заңдылығын білу үшін зерттеудің фистульдық әдісі қолданылады. Бұл әдіс физиология ғылымы дамуының алғашқы кезеңдерінде қолданылған. Зерттеудің бұл әдісі негізінен ас

қорыту, өт жүру жолдарына, қуық т.б. органдарына қолданылады.

Зерттеудің катетеризациялық әдісі жүрек қантамырлар жүйесіне, безді органдардың шырын жүру жолдарына қолданады яғни қантамырларына немесе бездің шырын жүру жолдарына, жінішке тутіктер орналастыру арқылы белгілі бір зеттарды енгізу.

Физиологиялық зерттеу әдістері тек тұтас организмдерге жүргізілүмен қатар организмнен ажыратылып бөлініп алынған органға да жүргізіледі. Бұл уақытта зерттеудің перфузиялық әдісі қолданылады яғни белгілі құрамы мен қасиеті бар сұйықтықтарды енгізу арқылы зерттеу.

Қазіргі уақытта зерттеудің жетілдендірілген түрлері қолданылады яғни датчиктер арқылы (узи, Япония аппараттары, компьютер т.б.) зерттеу.

4. Физиологияның даму кезеңдері. Басқа биологиялық ғылымдар сияқты физиология ертеден дамыған. Бізге дейінгі жеткен мәліметтер бойынша, ертедегі Қытай, Үнді, Греция, Орта Азия елдерінің ойшыл ғалымдары, дәрігерлері организмнің құрылышы, тіршілік әрекеттері туралы көптеген мәліметтер жинақтаған.

Біздің әрамызға дейінгі IY ғасырда өмір сүрген Гиппократ пен Аристотельдің еңбектерінде адам организмінің негізін, оның көптеген құбылыстарын түсіндіруге бағытталған әрекеттері байқалады. Бірақта, ол кездегі ғылымның нашар дамуына байланысты олар көптеген физиологиялық процестерге дұрыс ғылыми түсінік бере алмаған. Себебі, физиология ғылымының алғашқы даму кезеңінде тірі организмге тәжірибелер жүргізілмеді. Дегенмен, Аристотель мен Гиппократтың организмнің кейбір қызметтері туралы ұғымдары дұрыс болды. Бұл ғалымдардың еңбегіне, ғылымдағы беделіне байланысты жүздеген жылдар бойы олардың ілімдері өзгерусіз сақталған.

Тәжірибелік физиология ғылымының қалыптасуы Рим дәрігері Клавдий Гален (129-201) тұнғыш рет қолданған вивисекциялық (тірідей тілу) тәжірибесінен басталады. Оның жасаған тәжірибелері бірнеше ғасырлар бойы физиологияның одан әрі дамуына негіз болды.

Организмнің тіршілік әрекетіне бақылау мен тәжірибелерге негізделген ғылыми физиология XYI-XVII ғасырлар арасында қалыптасты.

Физиологияның дамуының жаңа кезеңі 1628 жылдан бастап есептелінеді. Осы жылы ағылшын ғалымы, анатом, физиолог Уильям Гарвей (1596-1650) өзінің "Жүрек пен қан қозғалысына анатомиялық зерттеу" деген ғылыми еңбегін жазып шығарды. Осы еңбегінде тірі организмдерге жасалған тәжірибелердің нәтижесінде қан айналу жайлы бұрынғы айтылып келген теріс ұфындар әшкерленді; Ол ғылыми зерттеулерге вивисекция әдісін қеңінен енгізді. Осындай тәжірибелер арқылы теріні, органдарды, тканьдерді ашып, олардың қызметіне тікелей бақылау жүргізуге мүмкіндік туды. Осылайша, жануарлар физиологиясының негізін салушы деп саналатын У.Гарвей ашқан қан айналу жүйесінің зандалығы осы кезде де өзгерсіз қолданылды.

Гарвейдің ашқан жаңалықтарынан кейін организмнің қызметтеріне тәжірибелердің көп жүргізілуі физиология ғылыминың одан әрі дамуына көптеген жаңа ғылыми мәліметтер жинақтала бастады. Оған қоса, бұл кезде физика, химия ғылымдары құшті дамып, олардың зерттеу әдістері мен жетістіктері физиологияға қеңінен пайдаланылды.

Физиологияның даму кезеңіне үлкен үлес қосқан орыстың ұлы ғалымы М.В.Ломоносов болды. Ол 1748 жылы тұңғыш рет жаратылыстанудың негізі "Материя мен энергияның сақталу" заңын ашты.

XVIII ғасырдың аяғында Италиян физигі Л.Гальвани организмдегі биоэлектрлік құбылысты ашты. Оның жүргізген ғылыми тәжірибелері кейін физиологияның негізгі салаларының бірі электрофизиологияның іргесін қалады.

Бұл кезеңде әр елде бірнеше бағытта физиологиялық ғылыми зерттеу лабораториялары пайда болып, көптеген тұбагейлі жаңалықтар ашыла бастады. Әсіресе жүйке, ет жүйесі жете зерттеліп, рефлекс туралы алғашқы ұфындар қалыптасты. Физиологияның жедел қарқынмен дамуына орыс ғалымдарының көрнекті еңбектері ықпалын тигізді. Олардың

ішінде атакты физиологтар И.М.Сеченов (1829-1905) пен И.П.Павлов (1894-1936) ерекше орын алды.

Физиология ғылымы тарихында “Орыс физиологиясының атасы” деген атакқа ие болған И.М.Сеченов бірінші рет қандағы еріген газдарды бөліп алып, оған талдау жасады, тірі организмдегі әртүрлі иондардың физиологиялық ролін анықтады. Орыс ғылымының даңқын шығарған И.М.Сеченов ашқан – “Орталық жүйке жүйесіндегі тежелу процесі”. Өйткені, бұл рефлекторлық заңдылықты жаңа ғылыми түрғыдан түсінік беріп, орталық жүйке жүйесі туралы ілімді түпкілікті өзгертуге мүмкіндік берді.

И.М.Сеченов “Бас миң рефлекстері” деген данышпандық еңбегінде тұнғыш рет психикалық іс-әрекеттің физиологиялық негізін салды. Осы еңбегі арқылы, ол бас миңнің ең күрделі құбылышы санаға талдау жасады.

Физиологияның сол кездегі даму кезеңінде орталық жүйке жүйесін зерттеуге зор үлес қосқан орыс ғалымдары Н.Е.Введенский, Ф.В.Овсяников, И.А.Миславский, А.А.Ухтомский.

И.М.Сеченов пен И.П.Павловтың жүйелі еңбектерінің нәтижесінде, олардың ғылыми мектептері бүкіл әлемге әйгілі болып, алдынғы қатарлы физиологиялық ой-өрістің орталығына айналды. Осыдан кейін физиологияның даму тарихында, Павловтан кейінгі кезеңі басталды. Оның алғашқы еңбектері қан айналудың реттелу механизміне арналды. Ол жүрек қызметін реттейтін үш түрлі жүйке нервтерінің болатындығын анықтады. Бұл зерттеуінде ол физиологияда тұнғыш рет нерв жүйесінің жүрек етіне трофикалық әсерін анықтады.

И.П.Павлов организм қызметінің нервтік реттелу түргысынан зерттеп, реттелеу механизмдерінде, жүйке жүйесінің жетекші ролін көрсетті. Алдынғы қатардағы өзінің әріптестері И.М.Сеченов, С.П.Боткин ілімдеріндегі нервтік реттелеу бағыты И.П.Павловтың барлық ғылыми зерттеу жұмыstryнда көрінікті орын алды.

И.П.Павлов жүрек –қантамыр жүйесін зерттеумен қатар ас қорыту физиологиясын да зерттеді. Ол көптеген жаңа

тәжірибелік хирургия әдістерін енгізіп, бүкіл ас қорыту бездерінің тікелей жүйке жүйесінің қатысуымен қызмет атқаратындығын дәлелдеді. Ас қорыту бездерінің жүйке жүйесінің қатысуымен тағамның әртүрлі езгерістерге ұшырайтындығын көрсетті. Осы ас қорыту жүйесі саласындағы еңбектері үшін 1904 жылы И.П.Павловқа дүние жүзілік Нобель сыйлығы берілді.

И.П.Павлов зерттеулерінің екінші бір маңызды жағы организмді жеке органдардың жай ғана жиындығы емес, сыртқы қоршаған ортамен тығыз байланыста қызмет атқаратын біртұтас жүйе ретінде қарастыруы. Ол организмнің қоршаған ортамен өзара байланысы, оның езгеріп тұратын жағдайлары жоғарғы дәрежелі нерв қызметі арқылы іске асып отыратындығын дәлелдеді. И.П.Павлов шәкірттерімен бірге физиологиялық хирургия тәжірибелі әдісті дамытты. Ол әдіс органдардың қызметін сау тұтас организм жағдайында, ондағы физиологиялық процестерге табиғи қалпында синтездік зерттеуге қолайлы болды.

И.П.Павлов ашқан шартты рефлекстер арқылы зерттеу әдісі организмнің мінез-құлық, іс-әрекетінің негізі болып есептелетін психикалық езгерістерді зерттеп білуге мүмкіндік берді. Әсіресе, шартты рефлекстердің қалыптасуы мен тежелу зандылықтары жоғарғы дәрежелі нерв қызметінің типтері, олардың нерв реттелуінің бұзылу, үйқы, гипноз, сигналдық жүйелер негізінде анықталды.

Осының нәтижесінде жоғарғы дәрежелі нерв қызметінің іс-әрекеті туралы материалистік ілім қалыптасты.

И.П.Павловқа 1935 жылы Халықаралық XY физиологиялық конгресс “дүние жүзі физиологтарының атасы” деген құрметті атақ берді. И.П.Павлов көптеген жас физиолог-шәкірттеді даярлап шығарды. Олар кейін физиология дамуының жаңа ғылыми бағыттарын жасап, көптеген маңызды жаңалықтар ашты.

II. ҚОЗУДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯСЫ

1. Қозу және қозғыштық

Адам демалып отырғанда немесе жатқанда, үйіктағанда организм тыныштық қаліпте болады. Бірақ бұл шын мәнінде толық тыныштық емес, салыстырмалы тыныштық. Организмнің мұндай жағдайында жүрек етінің ритмалды тартылып жиырылуының нәтижесінде тоқтаусыз қан айналу, тыныс алу, ас қорыту, бөліп шығару процестері тоқталмайды. Яғни зат алмасу процесі жүріп жатады. Организмдегі процестердің тоқтаусызы жүріп, ешқандай жұмыс түрлерін атқармау жағдайына келтірілген күйін физиологиялық тыныштық қаліп деп аталынады. Қандай ма болмасын тітіркендіргіштің әсерінен организмнің пассивті жағдайдан активті жағдайға келуі қозу делінеді, бірақ бұл таза физиологиялық анықтама емес. Кейбір клеткалармен тканьдардың активтілігі өте жоғары. Мысалы: нерв клеткалары, без клеткалары, ет тканьдары. Бұл клеткалар тітіркендіргіштің әсерінен өте тез реакцияға түсіп отырады, яғни олар тез қозу жағдайына келеді. Соңықтан осы аталған клеткалар мен тканьдар негізгі қозушы клеткалар делінеді, ал олардың тітіркендіргіштің әсеріне қозумен жауап беруін қозғыштық дейді. Физиологияда негізгі қозушы клеткалар туралы түсінік енгізілгенде идеалистік бағыттағы физиологтар теріс пікір айтуда тырысқан яғни организмде қозатын және қозбайтын клеткалар болады деген қортындыға келген. Шын мәнінде организмде қозбайтын клеткалар болмайды, бәрі де қозады бірақ олардың қозуының дәрежесі бірдей болмайды.

Қозу –курделі био-химиялық және физикалық процесс. Қозу кезінде клеткалар немесе тканьдарда әртүрлі химиялық және био-химиялық реакциялар жүреді. Осындағы реакциялар мен процестердің нәтижесінде белгілі бір функциональдық өзгерістер жүреді. Әрбір клеткаларда функциональдық өзгерістер яғни ет талшықтары тартылып жиырылады, без клеткаларында шырын жасақталынады, нерв клеткасында нерв импульсы пайда болады. Сонымен қозу дегеніміз физикалық, био-химиялық процесстер мен функциональдық өзгерістер

түрінде байқалатын организмнің курделі биологиялық реакциясы. Қозу кезінде оның мынадай белгіліері байқалады: а) жылу жасақталу қүшейіп температура жоғарлайды; б) газ алмасу процесі қүшейеді (яғни жұмсалынатын оттегі мен сыртқа шығарылатын CO_2 -ның мөлшері артады); в) Әртүрлі химиялық заттар жасақталынады оның ішінде бұлшық еттердегі сут қышқылының мөлшері артады.

Қозу процесі тек ірі организмнің негізгі қасиеттерінің бірі. Организмде ешқандай қозу құбылыс байқалмайтын болса, онда оны тірі организм дең атауға болмайды яғни тіршіліктің тоқталатындығын көрсетеді.

Лабораторияда қозу процесінің физиологиялық занұлдықтарын оқып, үйрену үшін бақадан етті-нерв препараты дайындалады. Етті –нерв препаратының бір артықшылығы сол, оған 30-40 мин., кейде бір сағат бойы тәжірибе жұмысын жүргізуге болады.

2. Тітіркендіргіштер және олардың класификациясы

Организмді пассивті күйден активті жағдайға келтіру үшін оған тітіркендіргіш берілу керек. Тітіркендіргіш-организмнің сыртқы және ішкі ортасынан берілетін агент немесе әсер. Тітіркендіргіштің әсерінен организмнің сыртқы және ішкі ортасының өзгеруі жүреді. Организмге берілетін тітіркендіргіштер негізінен үш топқа бөлінеді.

1.Физикалық тітіркендіргіш (пинцетпен немесе қайшымен әсер ету, нервтерге соққы түрінде әсер ету, укол арқылы, инені қыздырып әсер беру (терминалық; электр тогымен (индукциялық аппаратпен) электродтармен тітіркендіру).

2.Физико-химиялық тітіркендіргіштер (организмнің ішкі сұйықтық ортасының реакциясы мен қан плазмасының немесе ткань сұйықтығының осмостық қысымының өзгеруі).

3.Химиялық тітіркендіргіштерге әр-түрлі қышқылдар, сілтілер, тұздар, дәрі препараттар және басқа түрлі химиялық улы заттар жатады. Сонымен бірге организмдегі зат алмасу процесінің нәтижесінде түзілетін әртүрлі заттар, химиялық тітіркендіргіштердің ролін атқарады.

4. Биологиялық тітіркендіргіш организмдегі әртурлі микроорганизмдер, бактериялар, вирустар әсери арқылы жүретін ауытқулар. Олардың улы токсиндері организмде белгілі бір ауруды туғызады.

Қозудың дәрекесі тітіркендіргіштің күшіне байланысты болады. Минимальдық қозуды туғызатын минимальдық күші бар тітіркендіргіш, тітіркендіргіштің күші немесе парогасы деп аталынады. Тітіркендіргіштер күшіне қарай әлсіз тітіркендіргіш –органды немесе етті –нервті қозу жағдайында келтіруге күші жетпейтін; Максимальды –организм немесе етті - нерв препараты максимальды қозумен жауап берсе; Максимальды қозудан күштірек қозуды туғызатын тітіркендіргіш субмаксимальды деп аталынады.

Лабораторияда көбіне тітіркендіргіш ретінде электр тоғы қолданылады. Электр тоғын қолданудың тиімділігі экспериментатор тоқтың күшін қалауынша, жұмыстың мақсатына қарай реттей алады және тәжірибелі бірнеше рет қайталауға болады.

3. Тірі тканьға электр тоғының тигізетін әсері

Тірі тканьға электр тоғын жібергенде ол өзінің бойынан тоқты өткізеді де өзін екінші класты өткізгіш ретінде танытады. Егер етті- нерв препаратына екі электрод орналастырып, оны тұрақты тоқ көзімен қоссақ, онда иондардың-қозғалысы жүреді. Аниондар анодқа, катионар –катодқа қарай. Тәжрибе кезінде егер тоқтың кернеуі азайып кететін болса, онда теріс иондар анодтың айналасына шоғырланып, электрон бермейді, он қондар катодтың айналасына жыйналып, электрон қосып алмайды.

Былайша айтқанда электролиз құбыльысы журмейді бірақ электродтың айналасында қарама-қарсы зарядталған электр потенциалы пайда болады. Бұл жағдайда электр тоғы тітіркендіргіш күші азайып, мұлдем жойылуға дейін барады, оны поляризация құбыльысы деп аталынады.

Егер тоқ көзінен жылдам айырып, екі электродты гальванометрге қоссақ, онда оның стрелкасының белгілі бір


бағытқа қарай қозғалатындығын көруге болады, оны поляризация тоғы дейді.

Поляризация құбылысы негізінде электр тоғы тітіркендіргіш күшінің негізінде электр тогы тітіркендіргіш күшінің әлсіреп, жойылуға дейін баруын физикалық электротон дәп атальнады.

Поляризация құбылысы эксперимент жұмысында зиянды, себебі тәжірибелі мәліметтері дұрыс болмайды, сондықтан қазіргі уақытта поляризация құбылысына ұшырамайтын хлорлы күміспен қапталған пластинкалы әлектродтар пайдаланылады, бұл уақытта тоқтың күші тұрақты дәрежеде ұсталынады. Дайындалған етті нерв препаратының екі жеріне әлектрод орналастырып, тұрақты тоқ көзіне қоссақ онда сол әлектрод тиіп тұрған аумақта белгілі бір функциональдық өзгерістер жүре бастайды. Бұл құбылысты тұңғыш рет неміс физиологы Пфрлюгер анықтап, оны физиологиялық электротон деп атаған. Осындай функциональдық, өзгерістер катод тиіп тұрған аумақта да жүреді-оны катэлектрон, анод тиіп тұрған аумақтағы өзгеріс анэлектрон деп атальнады.

Катэлектрон кезінде етті-нерв препаратының қозғыштығы жоғарлайды, қозудың таралу жылдамдығы артады, оның препараттың беткі бөлігінен теренгі қабатына өтуі жақсарады. Және электр тоғының кедергісі азаяды. Ал, электротонда бұған қарама-қарсы процесс жүреді яғни қозудың дәрежесі төмендейді, қозудың таралу жылдамдығы баяулайды, оның препараттың төменгі қабатына өтуі нашарлайды және тоқтың кедергісі артады.

Сеченовтың шәкірті Вериго деген физиолог тітіркедіргіштің күшіне қарай катэлектротон және анэлектротон кезіндегі етті-нерв препаратының қозғыштықтың өзгеріс заңдылығын дәлелдеген, оны мына схемадан көруге болады (1-сурет). Катодта қозу біртіндеп жоғарлай отырып, өзінің максимум мәніне дейін барып, қайтадан төмендеуін катодттық депрессия деп атайды. Анодта қозу одан әрі төмендеп, содан кейін қайтадан жоғарлап, қайтадан төмендеуін екінші анодтық депрессия деп атальнады. Осылайша қозу катод және анод арқылы толқынды түрде жалғаса береді.



1-сурет. 1-кушті тітірде , 2-орташа тітірде
4. Биоэлектрлік құбылыстар


“Жануар тоғы” немесе тірі тканьдағы байқалатын электр құбылыстары жөніндегі түсініктің шығуы XYIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. “Жануар тоғы” жөніндегі үғымға тұнғыш рет түсінік берген 1791 жылы Италия оқымыстысы Л.Гальвани болды. Ол езінің тәжірибесін бақадан дайындалған етті - нерв. препаратқа жүргізеді. Темір бағанаға мыс қармақ орнатады, оған бақаның артқы аяғын іледі (2-сурет).



2-сурет. Гальванидің тәжірибесі

Содан кейін бақаның аяғының шетін темірге тигізген сайын, оның еті тартылып жиырылған. Бұл тәжірибеден Гальвани мынадай қортындыға келген:- Бақаның аяғы етінің тартылып жиырылуы себебі нерв пен бұлшық, еттің әсерінен. 1792 жылы екінші физик А.Вольта Гальванидың тәжірибесіне талдау жасап, оған басқаша түсінік берген. Оның тәжірибесіндегі “жануар тоғының” жаратылысы биологиялық процесс емес, физикалық құбылыс, металдан (мыс, темір, бағана) тұратын тұйық тізбектегі пайда болатын электр қозғаушы құшінің әсерінен деп түсіндірген.


Кейіннен Гальванидың шәкіртерінің бірі басқаша тәжірибе жүргізеді. Ол тәжірибе физиологияда Гальванидың екінші тәжірибесі немесе "металлсыз жиырылу" деп аталынған. Ол былайша жасақталған. Дайындалған етті-нерв препаратының нервісін шығарып, оны еттің кесіп зақымдалған жеріне тигізгенде етті-нерв препаратының еті тартылып жиырыла бастаған. Бұл жағдайда етті-нерв препаратының зақымдалған және зақымдалмаған бөліктегінде арасында электр потенциалының айырымы пайда болады. XIX ғасырдың 30-жылдарында физик Маттеучи мынадай тәжірибе жасаған. Екі етті-нерв препаратын дайындалап (3-сурет), екінші препараттың нервісін бірінші препараттың бетіне тигізіп бірінші препараттың нервісін индукциялық тоқ пен тітіркендіреді, осы уақытта оның бұлшықеті тартылып жиырыла бастайды және онымен бірге екінші препараттың еті де жиырыла бастаған. Бұдан Маттеучи мынадай қортындыға көлген. Етті-нерв препаратының электрленген бөлігі электрленбеген бөлігіне қарағанда теріс зарядталған болады яғни электр потенциалының айырымы жасақталынады.



3-сурет Маттеучидің тәжірибесі

Егер гальванометрдің бір электродын препараттың бетіне яғни зақымдалмаған бөлігіне, екінші электродын оның зақымдалған (кесілген) жеріне тигізгенде, гальванометрдің стрелкасы қозғала бастайды. Осы уақыттағы тоқ препараттың зақымдалмаған бөлігінен зақымдалған бөлігіне қарай бағытталады және оны тыныштық потенциал немесе тыныштық ток деп аталынады. (3-сурет). Тыныштық потенциалды аппараттың көмегімен жазып алуға немесе оның шамасын есептеп шығаруға болады. Ол үшін зерттелетін объектіге (A) екі электрод орналастырады-индиферентті электродты (И)

тканның бетіне, екінші микроэлектродты тканның ішіне енгізе орналастырады (4-сурет). Микроэлектрод дегеннің өзі үшкірленген жіңішке микропипетка, оның ұшының диаметрі 0,5 мк.,



4-сурет. Тыныштық потенциалды анықтау


Тыныштық потенциалды анықтау кезінде микроэлектродтың іші қуыс, оның бойымен белгілі химиялық заттың ертіндісін (КСЕ) клетканың ішкі бетіне жіберуге болады. Екі электрод тұрақты тоқты қүштейткішке және осцилограф аппаратына жалғастырады. Осцилографтың экранында тканьдағы потенциал жазылып қалып отырылады және оның шамасы есептелінеді. Тканниң зақымдалған және зақымдалмаған бөліктерінің арасындағы потенциал етті - нерв препаратының белгілі бір бөлігін немесе оның нервісі электр тоғымен тітіркендірілсе, онда осы тітіркендірілген бөліктегі қозу пайда болып, тыныштық потенциал әсер етуші потенциалға айналғанда бағытталған яғни қозу кезіндегі потенциалдың езгеруін әсер етуші потенциал деп аталынады. Тыныштық потенциалды түсіндіретін әртүрлі теориялар айтылды. Соның бірі 1896 жылы медицина институтының студенті В.Ю.Чаговец организмдегі биоэлектрлік құбылысты иондық процесс деп қарап, оған электролитикалық диссоциация теориясы түрғысынан түсінік беруді ұсынды.

5- сурет. Мембрана потенциалының өлшемнүй.

Чаговецтің теориясын Ю.Бернштейн одан әрі дамытып, 1902 жылы клетканың мембраналық теориясын ашады. Ал бұл теорияны тәжірибе жүзінде жаңа мәліметтермен толықтырып дамытқан 1952 жылы А.Ходжкин және А.Хаксли болды.

Сонымен организмдегі биоэлектрлік құбылыш клетканың мембраналық кез келген сіндіріледі клетканың беті жұқа қабықпен (жабылған) немесе мембраннымен қапталған. Ол мембранның қалындығы шамамен 100 \AA° . Электронды микроскоп арқылы қарағанда мембрана құрылышын үш қабаттан тұратындығын көруге болады. Сыртқы мукополисахаридты қабат (X) -күрделі углевод молекуласынан тұрады. Биомолекулалы (екі молекулалы) липидты қабаттан (Z_1 , Z_2), ішкі белокты қабат (Y); (6-сурет) Клетка мембраннының бетінде диаметрі бірнеше ангстремнен тұратын көптеген саңылаулар орналасқан. Саңылаулар арқылы клетканың сыртқы бетінен ішіне қарай немесе клетканың ішінен сыртқы бетіне қарай саңылаулардың диаметріне сәйкес

келетін көптеген заттардың оның ішінде судың молекулалары, иондар өтіп отырады.



6-сурет.Мембрананың структуралық құрылышы


Мембрананың өткізгіштігі организмнің әртүрлі функциональдық жағдайына қарай өзгеріп отырады.

Тыныштық жағдайда нерв талшығы мембранасының калий ионына өткізгіштігіне 20-100 еседей жоғары болады, ал қозу кезінде оның Na^+ ионына өткізгіштігі K^+ -ионының өткізгіштігінен арта бастайды. Нерв және басқа тканьдардың протоплазмасында клетканың сыртқы бетімен (ткань сұйықтығымен) салыстырғанда калий иондары 30-50 еседей көп, хлор иондары 50 еседей аз болып келетіндігі анықталған. Физиологиялық тыныштық жағдайда мембрана клетканың ішінен сыртқы бетіне қарай тек ғана K^+ иондарының өткізіп отырады. Сондықтан клетканың сыртқы беті он, ішкі беті теріс зарядқа ие болады.

Егер клеткаға тітіркендіргіш берілсе онда мембрананың Na^+ ионына өткізгіштігі 10 еседей жоғарлай бастайды. Осыдан клетканың сыртынан ішкі бетіне қарай мембрана арқылы оң зарядталған Na -иондары көп өте бастайды яғни мембрана тек Na -иондарының өткізеді. Протоплазмадағы Na -иондарының концентрациясы (мөлшері) клетканың сыртқы бетіндегі K -иондарының концентрациясынан көбейіп кетеді. Осының нәтижесінде клетканың бетіндегі зарядтар алмасады, сыртқы беті теріс, ішкі беті оң зарядқа ие болады.

Бұл уақыттағы әсер етуші потенциалдың өзгеруі үлгаймалы (восходящий) қисық сывық ретінде өрнектеледі және ол деполяризация деп аталынады.

Нерв талшығы мембраннының Na^+ -ионына өткізгіштігінің жоғарлауы ұзақ мерзімге созылмайды тек қана милисекундтың $1/10$ бөлігіндегі уақытқа созылады. Мембранның Na^+ -ионына өткізгіштігінің жоғарлап лезде максимум мәніне жетіп қайтадан тәмендеуі инактивациядеп аталады. Осыдан кейін клеткада қайтадан қалпына келу процесі жүріп, мембранның Na^+ -ионына өткізгіштігі тәменделе, енді K^+ -ионына өткізгіштігі жоғарлай бастайды. Енді клетка мембраннының бетіндегі зарядтардың алмасуы жүреді-клетканың сырты қайтадан, он ішкі беті теріс зарядталады. Бұл уақыттағы әсер етуші потенциал тәмен бағытталған (нисходящий) қисық сывық ретінде өрнектеледі және ол реполяризация деп аталынады.



1-сызба. Деполяризация және реполяризация процесі

Деполяризация кезінде мембранның Na^+ -иондарына өткізгіштігінің жоғарлауының себебі әзірше толық анықталып болған жоқ. Бірақ зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған мәліметтер оны былайша түсіндіреді.

Тыныштық жағдайда мембрана бетіндегі саңылаулар мөлшері үлкен (Ca^{++}) иондарымен бітеулі тұрады. Бұл жағдайда мембранның екі жағындағы потенциалдар айрымын осы Ca^{++} иондары мен ұсталып тұрады.

Тітіркендірілген уақытта клетканың мембранасы деполяризацияланады да басқа ионға Na мен K иондарының етуіне жол береді.

Инактивацияның физиологиялық заңдылығы да толық анықталған жоқ. Бұл жөнінде белгілі бір болжам мәліметтер бар, деполяризацияның әсерінен мембранның белокты – липидтық кмплексінде белгілі бір химиялық өзгерістер жүреді. Сонымен биоэлектрлік құбылыстар дегеніміз- иондардың белгілі бір бағытқа қарай қозғалуына негізделген қозу процесі болып есептелінеді, яғни биологиялық тоқ.

5. Биоэлектрлік құбылыстарды зерттеудің методикасы. Қарапайым гальванометрдің сезімталдығы жоғары болғанмен организмдегі биоэлектрлік құбылыстарды зерттеуге тиімсіз. Себебі оның инерциясының көп болуынан тәжірибе кезінде биоэлектрлік құбылыстар дұрыс есептелінбейді.

Сондықтан XX ғасырдың бас кезінен бастап организмдегі биоэлектрлік құбылыстарды зерттеудің методикасы дамыды.

Физиологиялық лабораторияда организмдегі биоэлектрлік құбылысты зерттейтін струнды гальванометр қолданыла бастады. Бұл гальванометрдің электромагнит полюстерінің арасына оның күш сызықтарына перпендикуляр жінішкелігі 2-4 микрон шамасында пластиинкадан немесе алтыннан істелінген струна орналасқан. Гальванометрдің массасы мен инерциясы өте аз, онымен жиілігі секундына 1000 м-ге дейінгі биотоктарды жазып алуға болады.

Қазір одан да жетілдірілген аппарат - катодты осцилограф қолданылады. Аппараттың іс-жүзінде инерциясы жоққа жақын және оның көмегімен жиілілігі жоғары биотоктарды дәл жазып алуға болады. Катодты осцилограф жиілігі секундына миллион тіпті миллиард м-ге дейінгі биотоктарды жазып алуға мүмкіншілік берді.